

## **Астана қаласында балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы қорытынды ақпарат**

20104 жылғы жазғы кезеңде балаларды демалыспен, сауықтырумен және жұмыспен қамту мақсатында Астана қаласындағы білім беру ұйымдарымен үш ай бойы жұмыс жүргізілді.

2014 жылы демалыс және сауықтырумен қамту **97%** пайызды құрайды. 11 сыныпты қоспағанда жалпы 83 460 балалар мен жасөспірімдер сауықтырылумен және демалыспен толық қамтылды.

68 мектептерде 2 маусым – 11 шілдеде мектеп жанындағы лагерьлер, «Дидарлы жаз» мектеп жанындағы спорттық-ойын алаңдары, «Айбынды маусым» әскери-спорттық алаңдар, «Арман» спорттық-сауықтыру лагері, «Батыр» шатырлы лагері, «Боровичок» демалыс аймағы жұмыс жасады,

Сондай-ақ, екі Оқушылар сарайында «Жазғы демалыс академиясы» және «Жазғы шығармашылық мектебі» күндізгі келу лагерьлері ұйымдастырылды.

Білім беру ұйымдарында 15 шілде – 15 тамызда спорттық-ойын алаңдары қызметінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында олардың жұмыстары қамтамасыз етілді.

Осы кезең аралығында жалпы 2000 баланы қамтыған 423 спорттық іс-шаралар өткізілді.

Бұдан басқа, мектептер мен қосымша білім беру ұйымдарында әртүрлі бос уақытты ұйымдастыру жұмыстары ұйымдастырылды – мектеп аймағын көгалдандыру және жөндеу жұмыстары бойынша бригадалар, зияткерлік, шығармашылық және тіл үйірмелері, республикалық және халықаралық пәндік олимпиадаларға шығу, шығармашылық байқаулар мен спорттық жарыстар.

Жазғы демалыспен – **83 460 бала (97%) қамтылды**, оның ішінде:

- сауықтыру мен демалыс – 41 256 (49,4%),
- еңбекпен қамту – 24 305 (29,1%),
- шығармашылық – 8 305 (9,9%),
- спорттық-туристік – 4 449 (5,3 %),
- зияткерлік – 3 424 (4,1 %),
- халықаралық ынтымақтастық – 1 721 (2 %).